

Өзге тілді үйрету үдерісіндегі сөз мағынасын ашу шарттары

Өзге тілділерге қазақ тілін үйрету үдерісін жетілдіру жолдары лексикалық аспектіге көп көңіл бөлуді талап етеді. Лексика – тілдің ең көп мәлімет беретін және ең аз ұйымдасқан саласы. Оқытудың қай кезеңі болмасын лексикалық бірліктерді түсініп, қолдануда үйренушілер сөйлеуден көп қате жібереді.

«Лексиканы оқытуда шетелдік сөздің мәнін дәл түсінуді қалыптастыру – басты мәселелердің бірі болып табылады. Сөз мазмұнының кейбір идеалды шама ретіндегі семантикалануы, яғни материалдануы басқа тілдегі сөздің құрылысына байланысты болатын мазмұны, демек автоматтанатын және алдағы уақытта нығайтылатын байланыстардың барлығын да анықтайды. Лексиканы меңгеруде жеке тұлғаның екінші тіл сөздігін қалыптастыру кезіндегі психологиялық ерекшеліктері есепке алынбаса, әдістемелік тәсілді болашағы бар тәсіл деп есептеуге болмайды» [1.21]. Бұдан келіп шығатын қорытынды – оқу ісін ұйымдастыру, әрі оның өнімділігі көбіне сөздік жұмыстың әдістемесі қаншалықты психологиялық заңдылықтарға сай келетініне тәуелді болып келеді.

Қазіргі таңда лингводидактикада тіл меңгеру объектісі және тіл мен адамның өзара әрекетінің сипаты анықталатын тілді суреттеудің антропоцентристік тәсілі орнығуда. Ұзақ уақыт бойы шетелдік тіл лексикасын оқыту сұрақтары меңгеру субъектісін тиісті дәрежеде есепке алмай, басты түрде лингвистикалық негізде құралған еді. Лексика саласында жүргізілген көптеген зерттеулердің мазмұны таза әдістемелік сұрақтармен шектелді, негізгі ғылымдардың көптеген қағидалары, ең алдымен психология мен лингвистикада жеткілікті өңделген жоқ, әрі шетел тілін оқыту үдерісімен ара қатынасы мардымсыз болды.

Осылай, жеке алғанда адамның тілдік қабілетінің семантикалық компонентінің қалыптасуы мен дамуы осы күнге дейін жеткілікті зерттелмегені айқын, ал адамның лексикасын ұйымдастырумен байланысты қолданбалы зерттеулер саласы жақында ғана дами бастады. Сондықтан лингводидактикада дербес психо-әдістемелік, лингво-әдістемелік, социо-әдістемелік зерттеулердің қажеттілігі көп.

Тілдік санада сөз мазмұнының құрылымының қалыптасуына келетін болсақ, ғылыми әдебиетте мағына мәселесіне және оның мәндік мазмұнына арналған еңбектер аз емес. Мағына – жалпы ғылыми мәселе, ол лингвистика, философия, семиотика, логика, психология, социология, кибернетика мен т.б. ғылымдардың пәніне кіреді, бұлардың әрқайсысы мағынаның жалпы мәселесінің белгілі бір аспектісін қарастырады.

Мағына категориясы аспекті мен талқылау мақсатына сәйкес алуан түрлі талқыланады. Түрлі ғылымдарда сөз өнерінің жеке теориялары құрылады, олар әмбебаптыққа таласпайды, бірақ қандай да болмасын ғылыми пән немесе концепция мақсаты үшін өте пайдалы болмақ. Жалпы мағына теориясына қатыстылығы бойынша жекелеген теориялар мағына сияқты феноменнің күрделілігі мен жан-жақтылығын танытып, оның жеке аспектілерінде өз назарларын ерекше аударады.

Біздің көтеріп отырған мәселеміз – шетел тілін оқыту барысында жеке тұлғаның тілдік санасында қалыптасатын сөз мағынасының құрылымы болып табылады. Бұл бізді шетел тілдерін оқытудың (нақты айтсақ, шетел тілі ретінде қазақ тілін оқыту) практикалық мақсаттарына сәйкес келетін мағынаның түсінігі қызықтыратынын білдіреді. Сондықтан мағына категориясының тілді меңгеру объектісі ретінде қарастыратын лингводидактика шеңберінде талқылау логикалық тұрғыдан дұрыс болып табылады.

Сөздің лексикалық мағынасын тануда белгілі бір заңдылықтар бар. Нейрофизиология мен психоллингвистика саласында жүргізілген бірқатар эксперименттер онтогенездегі тілдік мағыналардың қалыптасуының тенденциялары мен негізгі жолдарын айқындады. Жеке тұлғаның субъективті сөздігін зерттеуге арналған еңбектер өкінішке орай, жоқтың қасы. Дегенмен, соңғы онжылдықта адамның тілдік қабілетінің семантикалық компонентін зерттеуге деген қызушылық психологтар, психоллингвистер, нейрофизиология мамандары, социология, этнопсихоллингвистика тарапынан елеулі өсуде. Бірақ, қазіргі уақытқа дейін сөз мағынасының психологиялық құрылымының қалыптасу ерекшеліктерін лингводидактикалық талқылауға арналған зерттеулер жоқтығы бізге мәлім. Сонымен қатар, шетел тілі лексикасын оқытудың сәтті болуы ол көбіне субъективті лексиканың қалыптасуының психологиялық заңдылықтарына қаншалықты сай болатынына тәуелділігі күмән тудырмайды.

«Психологиялық феномен ретінде мағына – бұл белгінің ақпаратты тасу мен сөз үдерісінде сол қасиетті жүзеге асыру, яғни мағына процессуалды, демек сөздің мағыналық құралымы онтогенетикалық дамудың әр кезеңдерінде алуан түрлі болып келеді» [2.39].

Мәтіндерді оқуға бағытталған дәстүрлі лингвистикалық тәсілге қарағанда, психоллингвистикалық әдістер мағынаны тікелей жеке тұлғаның сөйлеуі мен танымдық әрекетінің үдерісінде зерттеуге мүмкіндік береді және басқа жолмен қол жеткізуге болмайтын нәтижелерді береді.

Бүгінгі күні сөздің психологиялық құрылымын қарастыруға жол ашатын алуан әдістер қолданылады. Солардың ішінде төмендегілерді баса айтуға болады;

- ұғымдарды анықтау әдісі;
- атауы бойынша эксперименттер;
- тізімдерін еске түсіру кезіндегі сөздерді топтастыру;
- сөздің белгіленген мәнмәтінде қолданылу мүмкіндігі /мүмкін еместігі

бойынша эксперименттер;

- ұғымдарды жүйелеу бойынша эксперименттер;
- шартты рефлекторлы әдістер, нақты айтсақ, семантикалық радикал әдісі;

Сөз мағынасының психологиялық құрылымын зерттеудің әдістері деп қарастырған бұл тәсілдер тілдік санада сөз мазмұнының құрылымының қалыптасуына жол ашады. Осылайша лексиканы оқытуда шетелдік сөздің мәнін дәл түсінуді қалыптастыруға, лексиканы меңгертуде жеке тұлғаның екінші тіл сөздігін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Летуновская И.Э. Формирование структуры лексического значения в языковом сознании иноязычного. М., 1990 г.

2. Мотина Е.И. Язык и специальность. Лингвометодические основы обучения русскому языку студентов не филологов. М., 1993 г.

Резюме

В статье рассматривается необходимость объяснения многозначности слов и вопросы практического использования этого явления при преподавании в иноязычной аудитории.

Resume

The questions of necessity of disclosing of the polysemy of words and on their rational, practical application in an audience speaking another language are considered in the article.

Özet

Makalede başka milliyet mensuplarına Kazakça öğretim esnasında kelimelerin değişik anlamlarını açıklanmasının önemi üzerinde durulmuştur.

*Тіл жүректің айтқанына көнсе жалған шықпайды.
Ақылдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады.*

Г.Лаубе
